

Жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытындысы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» коммуналдық қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау бойынша талдамалық анықтамасы.

1.Кіріспе

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» коммуналдық қазыналық кәсіпорны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары заңды тұлға болып табылады. Балабақша 2 жастан бастап мектеп жасына дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау қарау, бағу, сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз етеді.

Балабақшада 28 қызметкер жұмыс жасайды. Балабақшаның жобалық қуаты: 50

Қолданысқа берілген жылы: 2011 ж

Бала саны: 36

Топтар саны: 2

Байланыс телефоны: 8(71339)-71-7-31

Әрбір топ жеке жатын, оқу-ойын, әжетхана бөлмелерінен тұрады.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған.

Кадрлар құрамы:

Балабақшадағы педагог саны: 9

Жоғары білімді-8 педагог, арнаулы орта білімді-1 педагог

Ақпараттық талдамалық бөлім:


Балапан мектепке дейінгі ұйымы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған шаралар сапалы ұйымдастырылып, іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар қызметкерлерге таныстырылып, сәйкесті жоспарлау жұмыстары жүзеге асырылды. Балабақшада балабақшаның бұйрықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр. Мүдделер қақтығысы жоқ. Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Бос лауазымдарға аудандық жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде қабылданады. Балабақшада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің талаптарының қатаң

сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, мемлекет қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Балабақша қызметкерлерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда. Еңбек тәртібін бұзушылық фактілері тіркелмеген. Пара алу және беру жауапкершілікке тартылатындығы туралы, сондай-ақ Колл-орталықтың 1424 бірыңғай нөмері туралы ақпарат көрнекі жерде орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыт бойынша жүзеге асты:

- 1) Балабақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Мектепке дейінгі ұйымда ақша жинауды болдырмау, балабақшамен қоштасу және т.б мерекелерде тәрбиешілерге ата-аналардан сыйлыққа ақша жинамауын үнемі қатаң қадағалануда. Балабақша дәлізіне «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында стенд ілінді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихаттау жұмысының барысы балабақша әкімшілігі жиналысында мәселе ретінде талқыланып қаралады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жоспары бойынша қызметкерлерге түсіндірмелі жұмыстар, шаралар, ашық күндері өткізілді. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылған. Құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызатын ықпал ететін тәуекелдер анықталмады. Балабақшада сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері:  А.К. Керуенбаева